

**Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін он есеге арттыру туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 4 маусымдағы № 206 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 маусымда № 7856 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 16 ақпандағы № 116 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 16.02.2022 № 116 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексі 509-бабының 5-тармағына сәйкес, Ұзынкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін он есеге арттырылсын.

2. Ұзынкөл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 мамырдағы № 16 " Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін және базалық жер салығының мөлшерлемелерін он есеге жоғарылату туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6484 тіркелген, 2016 жылғы 1 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессия төрағасы  
Аудандық мәслихаттың хатшысы*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Ұзынкөл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық

*И. Горбатенков  
А. Бараншина*

мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Д. Бектабанов

2018 жылғы " 4 " маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ұзынкөл ауданының жер

қатынастары бөлімі" мемлекеттік

мекемесі басшысының міндетін

атқарушы

\_\_\_\_\_ Н. Нестеренко

2018 жылғы "4 " маусым